

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023. № 26 (3)

Редакция

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)
E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164
Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Редакциялық алқа

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Әлімбай Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

Көмеков Болат Ешимхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Қушқұмбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропологи (Токио, Жапония);

Оутрам Алан, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Өмер Құл, элеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С.

Редакция

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан). E-mail: kabulzia@rambler.ru; Scopus Author ID: 56195670100; ORCID.

Члены редакционной коллегии

Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Ажигали Серик Ескендерович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Исмагулов Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, научный сотрудник Научно-исследовательской лаборатории экспериментальной археологии, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Margulan Centre, заведующая Международной научно-исследовательской лабораторией «YMAI» (Казахстан – Украина); ORCID

Кумеков Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муктар Абильсеит Капизович, Директор РГКП «Государственного историко-культурного музей-заповедник «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); ORCID

Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);

Оутрам Алан, доктор археологии, профессор департамента археологии и истории университета Эксетер (г. Эксетер, Великобритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева В.С.

Editorial Team

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: kabulzia@rambler.ru
Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Krupa Tatiana Nikolaevna, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory "YMAI" (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Muktar Abilseit Kapizovich, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve “Saraishyq” - Doctor of Historical Sciences, Professor: Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

Outram Alan, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300

Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Vuilleminot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Executive Editor

Mukanova Gyulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva V.S.



ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Kazakhstan
 Отан Тарихы
 Has been issued as journal since 1998
 ISSN 2710-3994
 Vol. 26. Is. 3. Pp. 511-522, 2023
 Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>


FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_3_511-522

1868 ж. УАҚЫТША ЕРЕЖЕ: РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ САТЫСЫ


Нұржан Ықсанұлы Жетпісбай¹, Ұлан Құрметқалиевич Жанғалиев²

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Шевченко, 28, 050010, Алматы, Қазақстан),

PhD, аға ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0002-6520-9724>. E-mail: nur.iksan976@gmail.com

²Alikhan Bokeikhan University (Мәңгілік Ел, 11, 071400, Абай облысы, Семей қ.)
 магистр, аға оқытушы

 <https://orcid.org/0000-0002-3885-4621>. E-mail: kurmetkalievich@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Жетпісбай Н.Ы., Жанғалиев Ұ.К., 2023

Андатпа. *Kipicne.* Мақалада 1868 ж. 21 қазанда бекітілген Ресей империясының «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі» Уақытша Ережесінің қабылдануы тарихы баяндалады. Бұл Ереже орыс патшалығының қазақ даласын отарлаудағы ең маңызды қадамдарының бірі болды. Оның қабылдануы қазақ жерлерін толық бақылауға алып, ресейлік ішкі тәртіптерге бейімдеумен қатар, ортаазиялық хандықтарды бағындыруға да жол ашты. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* – Уақытша Ереженің қабылдануы тарихын архивтік және басқа да деректер негізінде сипаттау. Осы Ереженің қабылдануы нәтижесінде қазақ далаларында орын алған өзгерістерді көрсету. *Нәтижелер.* Мақалада 1868 жылғы Ереженің қабылдануы тарихы сөз болады. Оның бекітілуі Ресей империясының қазақ даласына қатысты ұстанған күрделі де сан қырлы саясатының жемісі болып табылды. Оның тарихи алғышарттары, дайындық жұмыстары алдыңғы кезеңдерден бастау алды. Нәтижесінде қазақ қауымдары жер иелену, әкімшілік басқарылу, білім беру, діни т.б. істер бойынша ресейлік ішкі заңдар мен тәртіптерге қаратылды. *Қорытынды.* Ереже қазақ жұртының көптеген құқықтарын шектеді. Жерлер мемлекет меншігі саналды. Дәстүрлі білім беру мен діни істері бақылауға алынды. Қазақ жерлері тұтастай облыстар мен уездерге, болыстарға бөлінді. Әкімшілік басқарылу жағынан жоғарғы билік толықтай ресейлік шенеуніктерінің қолдарына берілді. Жаңадан түтін салығы енгізілді. Ережеге қарсы Батыс Қазақстанда ірі көтеріліс орын алды.

Түйін сөздер: Уақытша Ереже, отарлау, Орал облысы, Торғай облысы, далалық комиссия, уездер, болыстар, көтеріліс.

Алғыс айту: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «1869 ж. Батыс Қазақстан аумағында болған көтеріліс жаңа архивтік материалдар негізінде» гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (тіркеу номері: AP19679738).


Дәйексөз үшін: Жетпісбай Н.Ы., Жанғалиев Ұ.К. 1868 ж. Уақытша Ереже: Ресейдің қазақ даласын отарлаудағы маңызды сатысы // Отан тарихы. 2023. Т.26. № 3. 511-522 бб. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_511-522




PROVISIONAL REGULATIONS OF 1868: AS THE MOST IMPORTANT STEP IN THE COLONIZATION OF THE KAZAKH STEPPES BY THE RUSSIAN EMPIRE

Nurzhan Y Zhetpisbay¹, Ulan K Zhangaliev²

¹Ch. Valikhanov Institute of history and ethnology, (h. 28, Shevchenko str., 050010, Almaty, Kazakhstan) PhD, Senior Researcher

 <https://orcid.org/0000-0002-6520-9724>. E-mail: nur.iksan976@gmail.com

²Alikhan Bokeikhan University, (Mangilik el, 11, 071400, Abay region, Semey) master, senior teacher.

 <https://orcid.org/0000-0002-3885-4621>. E-mail: kurmetkalievich@mail.ru

Abstract. Introduction. The article describes the adoption by the Russian Empire of the Provisional Regulations "On the management of the Ural, Turgai, Akmola and Semipalatinsk regions" approved on October 21, 1868. This Regulation was one of the most important steps in the colonization of the Kazakh steppes by the tsarist government. Its adoption not only established full control over the Kazakh lands and adapted them to Russian internal orders, but also paved the way for the subjugation of the Central Asian khanates. *Objective* – description of the history of the adoption of the Provisional Regulations based on archival and other sources. Show the changes in the Kazakh steppes that took place after the adoption of this provision. *Results.* The article tells the history of the adoption of the Regulations of 1868. Its creation was the result of a complex and multifaceted policy of the Russian Empire in relation to the Kazakh steppe. Its historical background and preparatory work began in previous periods. As a result, Kazakh communities were subordinated to internal Russian laws and regulations in matters of land ownership, administration, education, religion and other matters. *Conclusions.* The Regulations limited many rights of the Kazakh people. The lands were considered state property. Traditional education and religious affairs were brought under control. Kazakh territories were entirely divided into regions, districts and volosts. In administrative management, the supreme power completely passed to the Russian officials. A new fee was introduced from each house. In Western Kazakhstan, a major uprising broke out against the new order.


Keywords: Provisional Regulations, colonization, Ural region, Turgai region, steppe commission, districts, volosts, uprising. The article was prepared within the framework of the project of program-targeted financing of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan «The uprising of 1869 in Western Kazakhstan based on new archival materials» (registration number: AP19679738).

For citation: Zhetpisbay N.Y., Zhangaliev U.K. Provisional Regulations of 1868 as the most important step in the colonization of the kazakh steppes by the Russian empire // *Otan Tarihy*. 2023. Vol. 26. No2. Pp. 511-522 (Kaz) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_511-522


ВРЕМЕННОЕ ПОЛОЖЕНИЕ 1868 г. КАК ВАЖНЕЙШИЙ ШАГ В КОЛОНИЗАЦИИ КАЗАХСКИХ СТЕПЕЙ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИЕЙ

Нуржан Ыксанұлы Жетпісбай¹, Улан Курметқалиевич Жанғалиев²

¹Институт истории и этнологии им Ч.Ч. Валиханова (Шевченко, 28, 050010, Алматы, Казахстан) PhD, старший научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-6520-9724>. E-mail: nur.iksan976@gmail.com

²Alikhan Bokeikhan University (Мангилик Ел, 11, 071400, область Абай, г. Семей) магистр, старший преподаватель.

 <https://orcid.org/0000-0002-3885-4621>. E-mail: kurmetkalievich@mail.ru

Аннотация. Введение. В статье описывается принятие Российской империей Временного положения об управлении Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской областями утвержденного 21 октября 1868 г. Данное Положение являлось одним из важнейших шагов в колонизации казахских степей царским правительством. Его принятие не только установило полный контроль над казахскими землями и адаптировало их к российским



внутренним порядкам, но и подготовило почву для подчинения среднеазиатских ханств. *Цель и задачи исследования* – описание истории принятия Временного положения на основе архивных и других источников. Показать изменения в казахских степях имевших место после принятия данного положения. *Результаты*. В статье рассказывается история принятия Положения 1868 года. Его создание явилось результатом сложной и многогранной политики Российской империи в отношении казахской степи. Его исторические предпосылки и подготовительная работа начались еще в предшествующие периоды. В результате казахские общины по вопросам земельной собственности, административного управления, образования, религии и другим делам были подчинены к внутренним российским законам и порядкам. *Выводы*. Положение ограничивало многие права казахского народа. Земли считались государственной собственностью. Традиционное образование и религиозные дела были взяты под контроль. Казахские территории целиком делились на области, уезды и волости. В административном управлении верховная власть полностью перешла к русским чиновникам. Был введен новый кибиточный сбор. В Западном Казахстане против новых порядков вспыхнуло крупное восстание.

Ключевые слова. Временное положение, колонизация, Уральская область, Тургайская область, степная комиссия, уезды, волости, восстание.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации грантового проекта Министерства науки и высшего образования РК «Восстание 1869 г. в Западном Казахстане на основе новых архивных материалов» (регистрационный номер: AP19679738).

Для цитирования: Жетписбай Н.Б., Жангалиев У.К. Временное Положение 1868 г. как важнейший шаг в колонизации казахских степей Российской империей // Отан тарихы. 2023. Т.26. № 3. С. 511-522 (Каз) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_511-522

Кіріспе. XIX ғ. екінші жартысында Ресей империясының дала халықтарын біртіндеп отарлау саясаты өзінің келесі сатыларына өте бастады. Орынбор және Сібір генерал-губернаторлықтарына бөлінген қазақ даласы басқарылу жағынан біртекті емес еді, ал ортаазиялық мемлекеттерге шектес қазақ қауымдарына Ресей ықпалы енді таралып келе жатты. Оңтүстік аумақтарда жаңа жерлердің басып алынуы алдында бұрын шеп саналған қазақ далалары енді империяның ішкі облыстарына айнала бастады. Бүкіл қазақ даласындағы басқару жүйесін түбегейлі өзгерту, оларды ішкі ресейлік басқару тәртіптерімен теңестіру, империяның басқа бөліктерімен араластыру қажеттілігі туындады. Осы арқылы басқару және салық жинау істерін қолайлы ету де көзделді. Бұл мәселе орталық үкіметті көптеген жылдар мазалап келген болатын. Империяның шеткері азиялық аумақтарды игеруді жылдамдағу себептері бір жағынан сыртқы саяси жағдайлардан да орын алды. XIX ғ. 50-60 жж. Ресей мен Ұлыбритания Орталық Азия елдеріне ықпал ету үшін аса ірі бәсекелестік тартыстарға түскен еді. Бұл орыс патшалығының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуды жаулап алуын тездетті. Ендігі кезекте басып алынған бұрынғы және жаңа жерлерді толық игеру, ішкі өңірлермен теңестіру міндеті тұрды.

Материалдар мен әдістер. Мақала тікелей архивтік деректерді талдау және игеру нәтижелеріне негізделіп даярланды. Басты дереккөздер ретінде Ресейдің Мәскеу және Санкт-Петербург қалаларындағы басты архивтердің құжаттары қолданылды. 1868 жылғы реформалар тарихи әдебиеттерде біршама сипатталған. Бірақ олардың көпшілігінде тікелей бекітілген Ереженің өзі негізге алынып талқыланған. Осы Ереженің өзінің алдын ала пайда болуы, даярлануы процесстері, басқа да ерекшеліктері көбіне толыққанды суреттеле бермейді. Ресейдің орталық архивтерінде сақталған қазақ даласын басқару жөніндегі реформалардың даярлануы жөніндегі құжаттар кеңінен қарастырылды. Олардың қорларында патша өкіметінің жоғарғы билік орындары – Әскери және Ішкі істер министрліктерінің, бірнеше ірі генерал-губернаторлықтарының, басқа да жоғарғы лауазым иелерінің арасындағы қатынастары, хат алмасуы, басқа да маңызды құжаттары сақталып қалған. Мақалада осындай дереккөздер негізге алына отырып реформаның басты мақсатын ашуға талпыныстар жасалады.

Зерттеудің методологиялық тәсілдері ретінде тарихи зерттеулер жүргізуде пайдаланылатын негізгі әдістер қолданылды. Қарастырылып отырған мәселенің ерекшелігіне сай мұнда сипаттап баяндауға, салыстыра талдауға маңыз берілді. Оқиғалар мен фактілерді



сараптауда тарихи шынайылыққа қол жеткізуге мүмкіндік беретін объективтілік принциптері негізге алынды.

Талқылау. Кең-байтақ «Азиаттық Ресей» жерлерін игеру, отарлау және ондағы тұрғындар арасына «орыс азаматтығын» енгізу мәселелері XIX ғасырдың өзінде өзекті мәселеге айналғаны белгілі. Бұл тақырыпта орыстың белгілі мемлекеттік қайраткерлері, шенеуніктері, әскери зерттеушілер мен тарихшылары өз көзқарастарын білдіріп, олардың арасында пікірталастар да өрбіді. «Азиаттық Ресейді» бағындыру төңірегінде М.М. Сперанский, Л. Мейер, М.И. Красовский, В.А. Перовский, А.И. Макшеев, М.И. Венюков, М. Терентьев, А.А. Кауфман т.б. колонизация ісінің орталықтағы және жергілікті жерлердегі орындаушылары өздерінің пікірлері мен көлемді еңбектерін қалдырды.

Осы аталған «азиялық аумақтарды» отарлау ісінде ең маңызды да шешуші қадамдардың бірі болған 1868 жылғы реформалар тақырыбы да патшалық дәуірдің өзінде біршама пікірлер туғызды. Кеңестік дәуірде де бұл ережелерге белгілі бір бағалар берілді. Реформа мен қазақ даласындағы оған қарсылықтар жөнінде алғаш рет сол тұстағы ресейлік ақпарат құралдары жазды. Ереже баптары талқыланбаса да бұл шағын хабарлар мен мақалаларда жергілікті халықтың жаңа өзгерістерді қабылдауға құлықсыз екендіктері көрсетілді. Жаңа ережелерге қарсы көтерілістер туралы 1869 ж. «Оренбургские губернские ведомости», «Современная летопись», «Русский инвалид», «Вестник Европы», «Современные известия», «Биржевые ведомости», «Голос», «Всеобщая газета» және басқалары жариялады. Бұлардың ішінен Ережені сынға алғандар да кездесті. «Вестник Европы» журналы бұратана көшпелі халықтарда округтік және болыстық басқару жүйелерін енгізу әлі ерте деп есептеді (Вестник Европы, 1869. Кн. 5: 380). «Отечественные записки» басылымы да тура осындай көзқарастарда болды. Олар алдыңғы 1867 ж. 11 шілдедегі Сырдария және Жетісу облыстарын басқару туралы ереженің өзі жайында «түземдік» жұрттар арасында мұндай қоғамдық өзгерістерді іске асыру әлі ерте деп көрсеткен болатын. «Московские ведомости» газеті 1869 ж. наурыздың соңындағы бір нөмірінде жаңа ережелердің өзі жөнінде емес, басым түрде оған қарсылықты көбірек сипаттады (Московские ведомости, 1869. № 68).

Патшалық дәуірдегі орыс авторлары арасынан Жаңа Ережеге байланысты өзінің әділ де батыл ойларын білдірген Н.А. Середа болды. Ол өзінің «Русская мысль» журналында жариялаған көлемді мақалалары топтамасында жаңа тәртіптерді енгізудегі билік орындарының жіберген қателіктерін нақты көрсетті, басқару тәсілдерін ашық сынға алды. Реформаның әлсіз, қазақтар арасында жүзеге асыруға келмейтін шикі тұстары оған қарсы қарулы көтерілісті туғызғанын атап көрсетті (Середа, 1891а: 41-44.; Середа, 1891ә: 19). Середаның Ереже жөніндегі пікірлері осы мәселе бойынша патшалық дәуірдегі ең мықты зерттеу болып есептеледі.

А.И. Добросмыслов Ереже жобасын талқылау ісіне сол кезде Петербургте тұрған Орынбор Шекара комиссиясын басқарған М.В. Ладыженскийдің, әсіресе қазақ тұрмысын жақсы білетін шығыстанушы В.В. Григорьевтің қатыстырылмауы Гирс комиссиясының қателіктерінің бірі деп көрсетті. Сонымен бірге бұл автор осындай маңызды іске баспасөздің және қазақ өкілдерінің де тартылмағанын атады (Добросмыслов, 1902: 425). Жобаны даярлауға далалық өкілдердің қатыстырылмағаны жөнінде Середа да айтқан болатын. Ф. Лобысевич өзінің Орынбор өлкесіндегі қазақ даласы туралы еңбегінде 1868 ж. реформаларды айтқанымен, оның жасалу ерекшеліктеріне тоқталмайды. Ол өлкеде облыстар мен уездердің құрылуын, олардың шекараларын сөз етіп, одан кейін басым түрде дала төсіндегі көтеріліс қимылдарын сипаттайды. Дегенмен бұл автордың тұжырымдарынан қазақ халқының соттық істерінің, басқа да кейбір салттарының «артта қалғандығы», оларды осындай ережелер арқылы өркениетке жетелеуге болатындығы жайлы көзқарастары байқалады (Лобысевич, 1891: 14-27).

Советтік кезеңде де 1867-1868 жж. патша реформалары біршама талқылауларға түсті. Реформалардың даярлануы сол кезеңдегі белгілі зерттеуші Б.С. Сүлейменовтың 1946 және 1951 жж. жарық көрген шағын мақалаларында біршама сипатталды. Соңғы мақаласында ғалым Қазақстанның арзан шикізат көзі мен орыс өнеркәсібі тауарларын өткізетін нарығы ретінде қалыптасуы, Ресей экономикасының кең-байтақ аумақтарды шаруашылық жағынан игеруге деген қажеттіліктері, консервативтік патриархалдық-феодалдық топтарды әлсірету қажеттілігі және осыған байланысты солтүстік-батыс қазақ жерлерін ресейлік әкімшілік жүйеге жақындастырудың абзалдығы 1867-1868 жж. әкімшілік реформалардың жүргізілуіне



әкелді, деп көрсетті (Сулейменов, 1951: 118). Сүлейменовтың осы тақырып туралы түпкілікті көзқарастары оның 1963 ж. жарық көрген іргелі монографиясында берілді. Ол да 1867-1868 жж. ережелердің қазақ халқының қатысуынсыз жасалғанын көрсете отырып, бұл жобаның Қазақстанның отарлық ахуалын, оның Ресей империясының шикізат аумағы мен аграрлық қосымшасы ретіндегі самодержавие саясатының әкімшілік, соттық құрылымдары мен заңдық негіздерін анықтап бергенін жазды. Дегенмен зерттеуші реформаларды отарлық билік органдарын қазақ жерінде нығайту бағдарламасы деп атай отырып, оның қазақ ауылының экономикалық және қоғамдық-саяси дамуына әсер еткенін, ауылдың тұрақты тұрғын үй баспаналық және шаруашылық құрылысты аумақтық-шаруашылық құрылымының дамуына түрткі болғанын да атайды (Сулейменов, 1963: 39, 47). Қазақтар жартылай отырықшы тұрмысқа бұл реформаларға дейін де өтіп келе жатқан болатын.

Реформалар мәселесі жоғарыда аталған автордың кеңестік дәуірдегі келесі бір ірі зерттеуші В.Я. Басинмен бірге жариялаған еңбегінде де қамтылды. Мұнда ережелердің жалпы мазмұны қысқаша беріліп, отарлау сипатына қарамастан оның Қазақстанды жалпыресейлік экономикалық жүйеге тартуға ықпал еткені, қазақ даласындағы патриархалдық-феодалдық тәртіптер ыдырай бастап, оның орнына капиталистік қатынастардың еніп, дами бастағаны, мәдениеттің де дамығаны жөнінде біршама даулы тұжырым жасалады (Сулейменов, Басин, 1981: 133-136). Кеңестік және тәуелсіздік тұстағы белгілі тарихшы Ж.Қ. Қасымбаев та аталған тақырыпта бірқатар пікірлерін қалдырды. Басым түрде 1869-1870 жж. қазақтар көтерілісіне арнаған бір мақаласында автор капиталистік Ресейдің ұлттық аумақтардың, соның ішінде қазақ даласының да әлеуметтік-саяси және шаруашылық дамуына өз ықпалын өсірмей қала алмайтын, деп атап өтті (Қасымбаев, 1989: 84).

Сипатталып отырған реформалар тақырыбы тәуелсіздік кезеңінде де біршама авторлар тарапынан қарастырылды. Қ.А. Жиреншиннің еңбегінде 1867-1868 жж. ережелердің даярлануы мен оның ерекшеліктері, оның қазақ қоғамына әкелген саяси және экономикалық өзгерістері толығырақ сипатталды. Бұл жерде де зерттеуші реформалардың бұрынғы патриархалдық-феодалдық құрылыстың іргесін сөге отырып қазақ жеріне буржуазиялық қатынастардың енуі мен дамуына әсер еткенін атайды. Ереже бағыттарының бірі патша үкіметінің Қазақстанды империяның ішкі провинциясына және оны Орта Азия аумақтарын қосып алу плацдармына айналдыруға ұмтылыс болғанын көрсетеді (Жиренчин, 1996: 80-83). 1868 ж. реформаның Орынбор өлкесінде енгізілуі мәселесі Б.С. Әбенованың кандидаттық диссертациясында қарастырылып, автор тарапынан оған қазақ жерлерінің Ресей империясының түпкілікті отарына айналдыру құралы деген баға беріледі (Әбенова, 2000: 24). Зерттеуші Б.М. Абдрахманова да реформалардың даярлануы тарихын баяндай келе, көршілес жатқан қыстау орындарынан ауылдар мен болыстар ұйымдастыру принципі қазақтардың дәстүрлі қоғамдық ұйымдарына мүлдем сәйкеспейтін жасанды әкімшілік бірліктерді туғызып, оның үлкен қателіктерінің бірі болды, деп атап өтеді (Абдрахманова, 2010: 84-85). Ж.Қ. Қасымбаев та кейінгі шыққан еңбектерінің бірінде өзінің жоғарыда берілген пікірлерін қайталайды (Қасымбаев, 2010: 114). Зерттеушілер А.Т. Қайпбаева мен А.А. Нұрмұхамбетов реформалар бойынша құрылған жаңа басқару жүйесі әскери басқыншылық сипат алғанын атайды (Қайпбаева, 2016: 76).

Зерттеу нәтижелері. 1865 ж. басында император жарлығымен Әскери және Ішкі істер министрлері, Батыс және Шығыс Сібір генерал-губернаторлары т.б. жоғары лауазым иелерінің қатысуымен айрықша Комитет отырысы өткізілді. Мұнда Азиялық Ресей мен Орынбор өлкесінің құрылымы мен бөлінісі талқыланды. 1865 ж. 2 ақпанда Комитет аталған өлкелердің құрылымы мен бөлінісін қарастыру және белгіленген жұмыстарды атқару ісін Әскери және Ішкі істер министрліктеріне тапсырды. Комитеттің алғашқы жұмыс нәтижелерінің бірі – сол жылы ақпан айында Самара губерниясы Орынбор генерал-губернаторының басқаруынан бөліп алынды.

Комитеттің сол ақпандағы жұмыстары барысында әскери министр Д. Милютиннің ұсынысымен көшпелі халықтардың тұрмысын зерттеп, басқарудың жаңа жобасын жасақтайтын айрықша Комиссия құрылды. Сәл кейінгі деректерде ол далалық Комиссия деп те аталады. Әскери министр оны алдымен Батыс Сібір, одан соң Орынбор генерал-губернаторына жіберіп, көшпелілердің тұрмысы мен әкімшілік басқарылуын жергілікті басшылықпен бірге қарастырып шешуді ұсынды. Комиссияның жасақталуы Сібір комитетінің істерін басқарушы,



статс-хатшы В.П. Бутковқа тапсырылса, төрағасы болып статтық кеңесші Ф.К. Гирс тағайындалды. Айрықша Комиссия құрамына Ішкі істер министрлігінен – Гирстің өзі (төрағасы әрі мүшесі), Әскери министрліктен – Бас штаб полковнигі А.К. Гейнс (Гейнс), Орынбор өлкесінен – полковник К.К. Гутковский, Батыс Сібірден – Бас штаб капитаны А.П. Проценко енді (РМТА. 1291-қ. 82-1865-т. 5а-іс. 21, 26, 38-39 пп.). Олар Орынбор және Батыс Сібір өлкелеріндегі қазақтардың әкімшілік, соттық, салық төлеу, жер пайдалану, ішкі тұрмыстары және діни мәселелері бойынша мәліметтер жинап, жан-жақты талдап шешімдер жасауы қажет болды. Бұлардың ішінен әкімшілік және соттық мәселелер Гирске, салық пен жер пайдалану – Гутковскийге, қазақтардың ішкі тұрмысы – Гейнске, діни және әскери мәселелерді зерттеу – Проценкоға тапсырылған. Комиссия 1865 ж. маусым айында сапарға шығып, Омбы қаласына 16 шілдеде келіп жұмыстарын бастады. Сібір өлкесіне қарасты қазақ даласын аралап өткен әскерилер тобы Орынборға 1866 ж. 8 қаңтарында келген. Бұл өлкеде олардың жұмысына Орынбор қазақтары облысының басқарушысы генерал Л.Ф. Баллюзек көмектесіп, жаз айларында облыс көлемін аралап, жергілікті жағдайлар негізінде Орынбор облысын басқару туралы ереженің жаңа жобасын даярлаған (РМТА. 1291-қ. 82-1865-т. 5а-іс. 83-п.). Генерал-губернатор Н.А. Крыжановскийдің ұсынуымен Баллюзектің аталмыш комиссия жұмысына қатысуы пайдалы деп табылып, ол да топ құрамына алынған. 1867 ж. қыркүйекте Гейнс комиссия жұмысынан шығып, әскери министрдің ұсынуымен оның орнына Бас штаб полковнигі Л. Мейер тағайындалған. Осы комиссия құрамында қазақ даласындағы жұмыстары нәтижесінде Гейнс, Баллюзек және Мейер көлемді еңбектер жазған болатын.

Үш жыл жұмыс істеген Комиссия 1868 ж. басында «Орынбор өлкесі мен Батыс Сібір далалық облыстарын басқару туралы Ереже Жобасы» деп аталатын өз қорытынды еңбектерін үкіметке ұсынады (РМТА. 1291-қ. 82-1865-т. 5а-іс. 155-176 пп.). Онда Орынбор мен Сібірдегі қазақтарды басқару жүйелерін талдай келе, бір халықты басқарудағы оның шашыраңқылығы мен бір-бірімен байланыспайтын тұстары көрсетіліп, қазақ халқын басқарудың бұрынғы жүйелерін түбегейлі реформамен ауыстыру ұсынылды. Оның негізгі өзегі – даланы бір орталықтан басқару болып табылды. Комиссия қазақ даласын облыстарға бөліп басқару жүйесін жасақтады. Оның шешімдеріне сай, император II Александр 1867 ж. 11 шілдеде Сырдария және Жетісу облыстарын уақытша басқару туралы ережені бекітеді (Материалы по истории... 1960: 291). 1868 ж. күзінде Комиссия бірнеше жылға созылған өз жұмысын толық аяқтап, 21 қазан күні Орынбор, Сібір қазақтары жерінен және Семей облысынан, Орал мен Сібір қазақтары жерінің бөліктерінен – Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын жасақтау жөнінде император бекіткен жарғы шығарады. Жаңа ереженің жобаларын 1869 ж. 1 қаңтарынан бастап іске асыру көзделеді. Осы жарғыға сай 1869 ж. 2 қаңтарда бұрынғы Орынбор қазақтарының облыстық басқармасы жабылып, Торғай облыстық басқармасы ашылады. Орал және Торғай облыстары Орынбор өлкесінің генерал-губернаторына, Ақмола мен Семей облыстары орталығы Омбыда орналасқан Батыс Сібір генерал-губернаторлығына қаратылды.

Бұл сөзсіз патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлаудағы келесі, аса маңызды қадамдарының бірі болды. Даланы жаңадан бөлудің басты шарттарының бірі – қазақ қауымдарын орыс тұрғындарымен жақындастыру болып табылды. Мысалы, комиссия мүшелерінің бірі, 1866 ж. подполковник шеніне өткен Проценко бұрынғы Орынбор қазақтарының облысын түгелдей губерниямен, оның ішкі орыс уездерімен қосып жіберуді ұсынды. Келесі негізгі мақсаттардың бірі ресейлік түземдік халықтарды бір орталықтан басқаруға алып, бұрыннан ел билеп келген жергілікті күштердің билігін әлсірету болды. Бұл ережелер ресми түрде Уақытша Ереже деп аталды, себебі басқарудағы бұл реформалардың өзін патша үкіметі тәжірибе ретінде енгізіп, біраз жылдардан соң жаңа реформалармен ауыстыруды көздеген еді. Сонымен бірге аталмыш реформалар облыстарды әскери басқару туралы ереже болып табылды. Қазақтар бұл ережені «Жаңа низам» (жаңа заң) деп атады.

Кезінде қазақ тарихы мен тұрмысын зерттеп көлемді еңбек жазған А. Левшиннің бұл Ережеге сынмен қарағанын атап өтуге болады. Мемлекеттік Кеңес мүшесі болып табылған оның да пікірлері сұралған болатын. Левшин екі бөліктегі халықтың бір басқару деңгейіне әкелінуі жүзеге аспайтын ой деп баға берген. Себебі оның пікірінше, Орынбор қазақтары Сібірдегі қандастарына қарағанда әрқашанда анағұрлым «жыртқыш», батылырақ және жалпы ешқандай құрылым мен тәртіптерге бейім емес. Олардың шепке шабуылдары әлдеқашан



тоқтаса да мінез-құлықтарының жұмсара қоюы екіталай. Левшиннің көзқарасы бойынша, орынборлық қазақтар басқарылуы жағынан сібірліктерден артта қалып қойғандықтары сондай, оларға кезіндегі Сперанскийдің ережесін енді ғана енгізуге болады. (РМТА. 1291-к. 82-1865-т. 5а-іс. 248-249 пп.). Дегенмен үкімет орындары қазақтардың Жайықтан Зайсан мен Ыстықкөлге дейінгі орасан зор кеңістікте көшпелі тұрмысы, жер пайдалануы мен шаруашылығы, тілдері де бірдей деген тұжырыммен екі өлкедегі халық бір басқару жүйесіне жатқызыла алмайды деуге еш негіз жоқ деп есептеді. Кенесары көтерілісінің басым түрде сібірлік қазақтар жерінде өткені де еске алынып, олардың өркениетке көбірек берілуі олардың табиғатынан емес, үкіметтің ұтымды қадамдарынан деп тапты (РМТА. 1291-к. 82-1865-т. 5а-іс. 248-249 пп.; РМКАА. 1385-к. 1-т. 656-іс. 3-5 пп.). Орынбор қазақтары облыстық басқармасының төрағасы Л.Ф. Баллюзек генерал-губернатор Н.А. Крыжановскийге 1868 ж. 23 тамызда жазған баяндама хатында Левшиннің жобада рулық құрылым есепке алынбаған деген сынына байланысты: *«40 жыл бұрын қырғыз-қайсақ ордасы туралы жақсы кітап жазса да бұл Левшиннің даланы еш білмейтінін дәлелдейді. Құдайға шүкір! Қазақтар бүгінде осыдан 50 жыл бұрынғы күйінде емес, әйтпесе қойылған жоба ақылға сыймас еді»*, – деп көрсетті (РМӨТА. 400-к. 1-т. 120-іс. 557-п.). «Құдайдың көмегімен» әкімшілік те рулық байланыстарды әлсіретуге тұрақты тырысып, бұған шепке жақын дистанцияларда біржолата қол жеткізгендерін, оларда әр рудың қазақтары бір аумақта араласып, бірге көшіп-қонатындарын жазды. Осыған сәйкес Левшиннің тұжырымы әділетсіз әрі оны жеңіл жеңуге болады деп жеткізді. Сәл кейіннен Левшиннің айтқаны шындыққа жанасқан еді...

Уақытша Ереже бойынша облыстар уездерге, ал уездер болыстарға бөлінуі тиіс болды. Болыстар өз кезегінде әкімшілік ауылдардан құралды. Қазақтың батыс өлкесі қараған Орынбор аумағынан Орал және Торғай облыстарын жасақтау көзделді. Орал облысы төрт уезден – Орал, Гурьев, Калмыков және Жем (Ембі) уездерінен, ал Торғай облысы – Елек (Ақтөбе), Ырғыз, Николаев (Қостанай) және Торғай уездерінен тұрды (ҚР ОМА. 25-к. 1-т. 439-іс. 1-2 пп.; РМТА. 1291-к. 82-1865-т. 5а-іс. 158-п.; РМКАА. 1385-к. 1-т. 657, 659 істер; Материалы по истории... 1960: 323-324). Елек және Николаев уездерінің орталықтары уақытша Илецкая Защита мен Николаев бекіністері саналды. Олардың орталықтарын даланың ішкі жағына көшіру жоспарланды. Алайда Елек уезінің орталығы ұзақ жылдар бойы Орынборда орналасты. Облыстардың құрылуы да Ереженің қазақтарды орыс халқымен жақындастыру мақсаттары бойынша жобаланды. Мысалы, құрамына орыс ұлтының едәуір бөлігі енетін Орал облысы осы басты міндеттердің бірін қанағаттандырады деп шешілді (РМӨТА. 400-к. 1-т. 120-іс. 43-п.). Орал казак әскері түгелдей облыс басшылығына қаратылатын, осы арқылы оларды да жалпыға бірдей әкімшілікке қарату көзделді. Торғай облысы тұтас дерлік қазақ қауымдарынан тұратын. Орал және Торғай облыстарының арасындағы шекара бұрынғы Орынбор қазақтарының Батыс және Орта бөліктерінің арасындағы меже бойынша Ұлы Қобда өзенінің бойымен өтті. Шекара оңтүстігінде Мұғалжар тауларына, оның түстік беткейлерінен Арал теңізіне дейін созылды.

Облыстарды әскери губернатор, ал уездерді уезд бастықтары басқаратын болды. Әскери губернатор облыс әскерінің бас қолбасшысы да болып табылатын. Уезд бастықтарына орыс шенеуніктері тағайындалды. Жаңа ереже бойынша қазақтар уезд бастықтарының кіші көмекшісі қызметіне жіберіле алды, дегенмен жергілікті ұлт өкілдеріне негізінен әкімшілік бөліністің төменгі сатысын құрайтын болыстарды басқару міндеттелді. Болыс басқарушысы (болыс) үш жыл мерзімге сайлау арқылы бекітілді, одан бөлек қазақтар әкімшілік ауылдарда сот шешімдерін шығаратын билер және ауыл старшындары (ауылнай) қызметтеріне сайлаулар арқылы қойылды. Соттық билердің құзырына құны 300 рубльден аспайтын шағын әлеуметтік істерді қарау ғана қалдырылды, ірі қылмыстар уезд және облыс тарапынан тергелді. Билер соты халықтық дәстүр бойынша жүргізілді. Ауылнайлардың негізгі міндеттері өзіне қарасты түтін санына жауап беріп, олардан түтін санын уақытында жинап беру болды.

Болыстар 1000-2000 шаңырақтан, ал әкімшілік ауылдар 100-200 түтін шамасынан тұратындай жобаланды. Әкімшілік ауылдардың өздері көптеген шағын ауылдардан тұрды. Бірақ бұл меже сақтала берген жоқ, болыстар мен ауылдардағы түтін саны көрсетілген мөлшерден асып түсіп отырды. Бұл мәселені реттеу әскери губернатордың құқына қалдырылды. Болыстар (болыстық) жер жағдайына қарай құрылса, ауылдар бір-бірімен көрші қыстауларды пайдалану ретіне қарай жасакталды. Бір әкімшілік ауылдан екінші ауылға қоныс



аудару екі ауыл тұрғындарының келісімімен және полицейлік билік рұқсатымен ғана жүзеге асырылатын болды. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындары лауазымдары сайлау арқылы іске асырылды. Бұл қызметтерге жасы 25-тен асқан, сотқа тартылмаған, ел ішінде сенім мен беделге ие жандар сайлануы тиіс болатын. Болыс басқарушысы мен ауыл старшындары үш жыл мерзімге сайланды.

Әр болыста әрбір 50 шаңырақ өз араларынан бір сайлаушыны сайлап, аталған сайлаушылар (елуліктер) болыс пен оның кандидатын сайлауларда дауыс беру (шар салу) арқылы сайлады. Сайлауда жеңген адам болыстыққа сайланса, екінші дауыс алған адам болыс кандидаты болып бекітілді. Кандидаттар болыс басқарушысы белгілі бір себептермен мерзімінен ерте қызметінен кеткенде, кенеттен қайтыс болғанда, т.б. жағдайларда келесі кезекті сайлауға дейін болыс қызметін атқарды. Болыс басқарушыларын сайлау тікелей уезд бастығының немесе оның көмекшісінің бақылауымен өткізілді. Сайлау уақытын да уезд бастығы бекітетін. Болыстардың керек-жарағына және іс қағаздарын жүргізуші (писарь) жалдауына 300 рубль ақша тағайындалды, ал ауылнайларға ақыны болыстық сайлаушылар өздері бекіткен. Болыс басқарушысы сонымен қатар болыстық аумағындағы полицейлік және реттеуші билікке ие болды, оларға болыстағы тыныштық пен тәртіпті сақтау, соның ішінде барымтаның алдын алу, заңдардың орындалуын, салықтардың төленуін қадағалау тапсырылды.

Әр ауылда әрбір 10 шаңырақ бір сайлаушыны ортаға шығарып, олар да дауыс беру арқылы ауыл старшындарын сайлады. Ауылнайлар сайлауы болыс сайлауынан бұрын және болыс басқарушысының қатысуымен өткізілді. Ауыл старшындары тікелей болыстың қарамағында болып, өз ауылдарында да дәл сондай қызметтер атқаруы тиіс болды. Болыстар мен ауылнайларға айрықша қола мөрлер берілді, олар іс қағаздарына басылатын.

Ауылдардың соттық билері де үш жыл мерзімге болыстық сайлаушылар (елуліктер) арқылы сайланды. Патша әкімшілігі олардың құзырына құны 300 рубльден аспайтын шағын әлеуметтік істерді қарауды ғана қалдырды, ірі қылмыстар уезд және облыс тарапынан тергелді. Құны 300 рубльден асатын істерді қарауға ауық-ауық болыстық билер жиыны (волостной съезд биев) шақырылып отыратын болды. Болыстық жиындар кез келген сомаға қатысты істерге шешім шығара алғанымен, түпкілікті шешімді тек 500 рубльге дейінгі істерге ғана шығаратын. Одан асқан сомадағы істер уезд бастықтарының қарамағына пікір айтуға берілді. Билер соты халықтық дәстүр бойынша жүргізілді. Бір уездің бірнеше болысын қамтитын істерді, дау-дамайларды шешуге уезд бастықтарының қатысуымен, қажет болған жағдайда билердің төтенше жиыны (чрезвычайный съезд биев) шақырылды. Егер бірнеше уездің болыстары қатысты болса, төтенше сиез соншалықты билік өкілдерінің келісімімен өткізілді. Билердің төтенше жиыны аумағында өтіп жатқан уездің бастығының қатысуымен өткізілді, алайда олардың сотқа араласуына тиым салынды. Төтенше жиындардың шешімдері түпкілікті болып есептелді. Некелік және отбасылық істер билер сотымен халықтық әдеттік заңдар бойынша шешілді. Билер сайлауы болыс сайлауымен қатар өткізілді және әр әкімшілік ауылға бір би мен оның кандидатынан сайланды. Соттық билерге де қызметте тағатын қола белгілер таратылды. Болыстар мен билерді әскери губернатор, ал ауыл старшындарын уезд бастығы бекітті.

Әр болысқа діни істерді атқаратын бір молда ұстау құқы берілді. Молданы сайлау үшін қоғамдық қаулы шығарылуы тиіс болды және молдаларды әскери губернатор ғана бекітіп, қызметінен де босата алатын. Әр болыста мешіт ашуға рұқсат етілді, бірақ мешіттерге рұқсатты өлке генерал-губернаторлары беріп отырды. Ереже бойынша қазақтар әскери рекруттан босатылды.

Уақытша Ережеге сай әрбір қазақ отбасына жылына 3 рубль мөлшерінде түтін салығы салынды. Бірақ бұл сома жалпы меже болып табылды, ол әрбір үйден тікелей алынбай болыстағы түтін санына көбейтіліп салықтың жалпы мөлшері шығарылды. Шығарылған сома болыстық жиындарда әр ауылға дәулеттеріне қарай бөліп берілсе, ауылдық жиындарда ол сәйкесінше әрбір отбасына бөлінді. Болыстағы түтін санын болыстық жиындарда болыстық сайлаушылар әр үш жыл сайын есептеп отырды. Түтін салығынан бөлек қазақ қауымдарына жергілікті басқару орындарын – болыстар мен ауылнайларды, олардағы хат тасушыларды өз қаржыларына ұстау, сонымен бірге почта жолдарын жарамдылықта ұстау, далада сапар шеккен шенеуніктерге ат-көлік ұсыну сияқты міндеттер жүктелді. Бұлар земстволық міндеткерліктер



болып табылды. Шерғазы хан, Баймағамбет Айшуақұлы, Ахмет Жантөреұлы мен Арыстан Жантөреұлы сұлтандардың отбасылары мен ұрпақтары, 1844 ж. Кенесарыға қарсы жорықта қаза тапқан және жараланған қазақтардың отбасылары салықтан босатылды. Оларға жеңілдіктер ережеге дейін-ақ шығарылған болатын, солар күшінде қалдырылды.

Қазақтар мекендеген жерлер Жаңа Ереже бойынша мемлекеттік меншік болып есептелді және қазақтарға пайдалануға ғана берілді. Христиан дінін қабылдаған қазақтарға орыс елді-мекендеріне келіп тұру құқығы берілді (ҚР ОМА. 25-қ. 1-т. 439-іс; ҚР ОМА. 25-қ. 1-т. 1817-іс).

Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский 1869 ж. қаңтарда өлкедегі қазақ қауымдарына хабарлама таратып, онда олардың әртүрлі заң-ережелермен жүргенін қолайсыз деп тапқан император ағзамның оларға арнап ортақ заңдар шығарғанын мәлімдеді. Мұнда олар қараған бұрынғы Орынбор өлкесінің бұдан былай екі облыс пен сегіз уезге, олар өз кезегінде болыстарға бөлінетіні, аға сұлтандардың орнына қазақ жұртына жер пайдалануда не қаржылық істерде ешқандай қатысы болмайтын орыс уезд бастықтары тағайындалатыны жарияланды. Олардың халыққа бейтарап және әділ қарайтындары, болыстар мен басқа да лауазымдар жөнінде айтылды. Түгін салығы, әскерден босатылуы, еркін көшіп-қонатындары жайында хабарлай келіп, қазақ халқының өзіне беріліп отырған мұндай мейірбандықты дұрыс түсінетініне, олардың ұлы мәртебелі патшаға алғыс білдіретініне үміттенетінін жариялады (РМТА. 1291-қ. 82-1865-т. 5а-іс. 299-300 пп.). Алайда келешек өзгерістер жайлы қазақтар әлдеқашан құлақтанып қойған болатын. Мысалы, ереженің енгізілуін басты қолдаушылардан болған Баллюзек ел-жұрттың «оны асыға күтуде екендіктерін» көрсетеді. Себебі өздерінің кететіндерін білген аға сұлтандар, дистанция мен ауыл-аймақ басшылары халықты қанауға көшкен-мыс. Ережені енгізіп, сұлтандарды ауыстыру жөнінде Шығыс бөліктен өтініштер де түскен. Дегенмен, облыс басшысы екінші жағынан саудагерлер мен лауазымды адамдардың жұртшылық арасында Ереже жайында «қисынсыз» сыбыстарды да таратуда екендіктерін атаған (РМӨТА. 400-қ. 1-т., 120-іс, 557-п.).

Ереже қазақтардың құқықтарын бұрынғыға қарағанда әлдеқайда шектеді. Әсіресе халықты ғасырлар бойы басқарып келген төре-сұлтандар табының билігі құлдырады. Жобаны жасақтауда дала халықтарынан өкілдер қатыстырылған жоқ, жоба Петербургте жасалып, сол жерде қабылданды.

Ереже ел арасында үлкен дүрбелең туғызды. Халық ішінде толқулар көбейіп, оның арты үлкен көтеріліске ұласты. Ауыл-ауыл арасында «Жаңа низам» деп аталған жаңа басқару жүйесі туралы алып-қашпа сыбыстар көп тарады. Олардың дені ереже енгізілген жағдайда қазақтарды түгелдей христиан дініне өткізіп, әскерге алатыны, жерден айыратындығы туралы мағынада болған. Мұндай сыбыстар ел ішінде үлкен қобалжу туғызды, халықты әсіресе орыс дініне күштеп өткізу жөніндегі хабар қатты алаңдатты. Бір атап өтерлігі, көтеріліс Орал және Торғай облыстары шектесетін аумақтарда, одан жарты ғасыр бұрын Жоламан көтерілісі басталған тұстардан басталды (Zhetpisbay et al., 2020).

Ереже жөніндегі әңгімелердің таралуының басында ең алғашында төре-сұлтандар тұрғанға ұқсайды, олар бұған мүдделі де болғандай еді. Жаңа тәртіптер енгізілген жағдайда төре-сұлтан табы өздерінің бұрынғы көптеген дәреже-биліктерінен айырылатын. Осы себепті жекелеген төре әулеттерінің жаңа тәртіпке іштей наразы болып, ол жөнінде елге теріс көзқарастағы пікірлер айтулары шындыққа жанасатын. Уақытша Ереже жөнінде ел ішіне алғаш хабарлар таратқан сұлтандар арасында ағайынды Аймағамбет пен Мұхамедқазы Арынғазыұлдары болған (ОрОБМА. 6-қ. 10-т. 8320-іс. 18-п.). Олардан бөлек Ішкі Ордада жаңа тәртіптерді белгілі сұлтан Шәңгерей Бөкеев қатты сынға алған. Ол бұл өзгерістердің қазақтар үшін пайдалы болуы екіталай екенін, башқұрттар сияқты өз жерлерін сатып, кедейшілікке ұшырап, соңынан христиан дінін қабылдауға мәжбүр болулары мүмкін екенін ескерткен. Патша үкіметіне ұзақ жылдар адал қызмет еткен, бұрынғы Орта бөліктің аға сұлтаны болған Мұхамеджан Баймұхамедұлының да бастапқыда ережелерге қарсы пікірде болғаны аталады (ОрОБМА. 6-қ. 10-т. 8239-іс. 1, 90-93 пп.). Қаналы (Ханғали) Арыстанұлы сұлтан көтеріліс жетекшілерінің біріне айналды. Төрелер қауымы наразылықтарының салмақты себептері де бар еді. Оның нәтижесі іс жүзінде де бірден көрінді – Орал және Торғай облыстарында өткен алғашқы болыстық сайлауларда бірде-бір төре заты қызметтерге өтпеген болатын. Ел ішіндегі дәстүрлі бұрынғы билер, рубасылары өз ру бөлімдерін жеке-дара басқарып келсе де,



ресми биліктен төре затының шеттетілуіне сезікпен қарады. Қарулы күрестің басты жетекшілері халық арасындағы билер мен діни өкілдер болды.

Қорытынды. Ережеге қарсы көтеріліс Орал және Торғай облыстарында кең қанат жайды. Осы екі облыстың Орал, Гурьев, Калмыков, Елек уездерінен болыстар жасақтауға шығарылған үкіметтік комиссиялар үлкен қарулы қарсылықтарға ұшырады. Жергілікті халық ешқандай ереже жөнінде естігілері де келмейтіндерін білдірді, кейбір комиссиялардың әкелген ресми жарлықтары елдің көзінше кескіленіп тасталды. Қарулы топтар ауыл-ауылды аралап, халықты өздеріне күшпен қаратуға да тырысты. Жаңа тәртіпті қабылдамауға, өздерімен қосылуға шақырды. Жаңа үлгіні қабылдап қойған немесе оған іш тартқан ауылдарды шауып, малдарына барымта жасады. Орал уезінің бастығы подполковник Черноморсков облыстың әскери губернаторына 18 қаңтарда жазған рапортында Орал және Торғай облыстарының 5 мың үйі ескі тәртіпті қару күшімен қорғауға даяр екендерін мәлімдеді (ОрОБМА. 6-к. 10-т. 8239-іс. 16-п.). Бірақ бұл үйлер тек екі рудан ғана тұратын қауымдар болатын, іс жүзінде көтеріліске шыққан ауыл-аймқтар одан әлдеқайда көп болды. Жаңа ережелерді қабылдамау үшін қазақтың батыс өңірлерінен Жем өзенінің бойына шамамен 20 мыңнан астам түгін қоныс аударды. Көтеріліс көптеген әскери жасақтар шығару арқылы күшпен басылды.

Уақытша Ережеге қарсы көтеріліс еркіндік пен дінмен қатар, қазақ даласындағы дәстүрлі билікті де сақтап қалуға бағытталды. Алдыңғы тарихи кезеңдерде Ресей үкіметі қазақ даласындағы хандық билікті әлсіретіп, олардың билігін шектеп келсе, бұл Ереже бойынша жоғарғы басқару тұтастай әскери губернаторлардың қолдарына берілді. Реформа бойынша қазақ ауылдарындағы қоғамдық қызметтерді иелену сайлаулар арқылы жүзеге асырылды. Бұл демократиялық оң қадам болып табылғанымен ғасырлар бойы дәстүрлі хандар мен билер басқаруында болған көшпелі қоғам бұған даяр емес еді. Жергілікті жерлерде болыстыққа сайлану үшін үлкен талас-тартыстар орын алды, сайлаушыларды сатып алу, пара беру әдістері кеңінен қолданылды. Осылайша, аты-шулы болыстық таластар, партияларға (ру бөлімдеріне) бөліну кезеңі дүниеге келді. Облыс және уезд басшылығы мұндай жағдайларды билік мүдделері тарапында пайдаланды.

Көтеріліс ірі әскер күштерімен басылды, жеңіліске ұшырады, бірақ осының өзі патша үкіметінің реформасына едәуір үлкен тосқауыл болды. Реформа Батыс Қазақстанның үлкен өңірінде қарсылықтар салдарынан кеш енгізілді. Болыстардың жасақталуы ұзақ айларға тежелді. Бұл іс жүзінде әкімшілік отарлауға қарсы бағытталған ұлт-азаттық көтеріліс болып табылатын. Қарсылыққа қарамастан Уақытша Ереже енгізілді және қазақ тарихында үлкен бір отарлау кезеңін дүниеге әкелді.

Дереккөздер

ҚР ОМА – ҚР Орталық Мемлекеттік архиві.
 ОрОБМА – Орынбор облыстық біріккен мемлекеттік архиві.
 РМКАА – Ресей Мемлекеттік көне актілер архиві.
 РМЭТА – Ресей Мемлекеттік әскери-тарихи архиві.
 РМТА – Ресей Мемлекеттік тарихи архиві.

Sources

CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.
 USAOR – United State Archive of the Orenburg Region.
 RSAAA – Russian State Archive of Ancient Acts.
 RSMHA – Russian State Military Historical Archive.
 RSHA - Russian State Historical Archive.

Әдебиеттер тізімі

Абдрахманова, 2010 – *Абдрахманова Б.М.* История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX веке. Караганды: «Гласир», 2010. 380 с.

Әбенова, 2000 – *Әбенова Б.С.* 1868 жылғы әкімшілік-басқару реформасының Орынбор өлкесіне енгізілуі және оның зардаптары. Тарих ғыл. кандидаты диссертациясының авторефераты. Алматы, 2000. 32 б.

Вестник Европы, 1869 – Вестник Европы. Внутреннее обозрение. 1869. Кн. 5.

Добросмыслов, 1902 – *Добросмыслов А.И.* Тургайская область. Исторический очерк. Тверь: Типо-лит. Н.М. Родионова, 1902. 524 с.



- Жиренчин, 1996 – *Жиренчин К.А.* Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков. Алматы: «Жеті жарғы», 1996. 352 с.
- Касымбаев, 1989 – *Касымбаев Ж.К.* О некоторых вопросах истории национально-освободительного движения в Казахстане второй половины XIX в. // История и историография национально-освободительных движений второй половины XIX – начала XX в. в Средней Азии и Казахстане. Ташкент: Изд-во «Фан», 1989. 136 с.
- Касымбаев, 2010 – *Касымбаев Ж.К.* Теоретические, историографические и источниковедческие аспекты антиколониальных восстаний в Казахстане. Книга третья. Алматы, 2010. 204 с.
- Қайпбаева, 2016 – *Қайпбаева А.Т., Нурмухамбетов А.А.* 1867-1868 жж. әкімшілік реформалар: мәні мен барысы // *Отан тарихы*. 2016. № 4 (76).
- Лобысевич, 1891 – *Лобысевич Ф.* Киргизская степь Оренбургского ведомства (очерк). Москва: Типо-литогр. Высочайше утвержд. Т-ва И.Н. Кушнеревъ и К°, 1891. 41 с.
- Материалы по истории, 1960 – *Материалы по истории политического строя Казахстана. Том 1.* А-Ата: Издательство АН КазССР, 1960. 442 с.
- Московские ведомости, 1869 – *Дела в киргизских степях* // *Московские ведомости*. 1869. № 68. 28 марта.
- Середа, 1891а – *Середа Н.А.* Из истории волнений в Оренбургском крае // «Русская мысль» М., 1891. Кн. VII.
- Середа, 1891б – *Середа Н.А.* Из истории волнений в Оренбургском крае // «Русская мысль» М., 1891. Кн. VIII.
- Сулейменов, 1951 – *Сулейменов Б.С.* Об административном устройстве казахской степи по реформе 1867-1868 годов // *Вестник АН КазССР*. 1951. № 2.
- Сулейменов, 1963 – *Сулейменов Б.С.* Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начала XX в. (1867-1907). А.-Ата: Издательство АН КазССР, 1963. 411 с.
- Сулейменов, Басин, 1981 – *Сулейменов Б.С., Басин В.Я.* Казахстан в составе России. А.-Ата: Наука, 1981. 247 с.
- Zhetpisbay et al., 2020 – *Zhetpisbay N.Y. et al.* Protest Actions of Zholaman Tlenshiev and the Formation of the North Western Borders of Kazakhstan in the 20–40 years of the XIX century // *Bylye Gody*. Vol. 55. Is. 1. pp. 105-114. 2020. <http://ejournal52.com>

References

- Abdrahmanova, 2010 – *Abdrahmanova B.M.* Istoriya Kazahstana: vlast', sistema upravleniya, territorial'noe ustrojstvo v XIX veke [History of Kazakhstan: power, management system, territorial structure in the nineteenth century]. Karagandy: Glasir, 2010. 380 p. (In Rus.).
- Әбенова, 2000 – *Әбенова B.S.* 1868 жылғы әкімшілік-басқару реформасының Орынбор өлкесіне енгізілуі және оның зардаптары. Тарих гыл. кандидаты диссертациясының авторефераты [Introduction of the administrative and managerial reform of 1868 in the Orenburg Region and its consequences. Abstract of the dissertation of the Candidate of Historical Sciences.]. Almaty, 2000. 32 p. (In Kaz.).
- Dobrosmyslov, 1902 – *Dobrosmyslov A.I.* Turgajskaya oblast'. Istoricheskij ocherk [Turgai region. Historical outline]. Tver': Tipo-lit. N.M. Rodionova, 1902. 524 p. (In Rus.).
- Zhirenchin, 1996 – *Zhirenchin K.A.* Politicheskoe razvitie Kazahstana v XIX – nachale XX vekov [Political development of Kazakhstan in the XIX – early XX centuries.]. Almaty: Zheti zhargy, 1996. 352 p. (In Rus.).
- Kasymbaev, 1989 – *Kasymbaev ZH.K.* O nekotoryh voprosah istorii nacional'no-osvoboditel'nogo dvizheniya v Kazahstane vtoroj poloviny XIX v. // Istoriya i istoriografiya nacional'no-osvoboditel'nyh dvizhenij vtoroj poloviny XIX – nachala XX v. v Srednej Azii i Kazahstane [On some issues of the history of the national liberation movement in Kazakhstan of the second half of the XIX century. // History and historiography of the national liberation movements of the second half of the XIX – early XX century in Central Asia and Kazakhstan]. Tashkent: Fan, 1989. 136 p. (In Rus.).
- Kasymbaev, 2010 – *Kasymbaev ZH.K.* Teoreticheskie, istoriograficheskie i istochnikovedcheskie aspekty antikolonial'nyh vosstanij v Kazahstane [Theoretical, historiographical and source studies aspects of anti-colonial uprisings in Kazakhstan]. 3rd book. Almaty, 2010. 204 p. (In Rus.).
- Қайпбаева, 2016 – *Қайпбаева А.Т., Нурмухамбетов А.А.* 1867-1868 әкімшілік реформалар: мәні мен барысы [1867-1868 administrative reforms: essence and course] // *Отан тарихы*. 2016. № 4 (76). (In Kaz.).
- Лобысевич, 1891 – *Лобысевич Ф.* Kirgizskaya step' Orenburgskogo vedomstva (ocherk) [The Kirghiz steppe of the Orenburg Department (essay)]. Moskva: Tipo-litogr. Vysochajshe utverzhd. T-va I.N. Kushnerev" i K°, 1891. 41 sp (In Rus.).
- Материалы по истории, 1960 – *Материалы по истории политического строя Казахстана* [Materials on the history of the political system of Kazakhstan]. Том 1. А-Ата: Izdatel'stvo AN KazSSR, 1960. 442 p. (In Rus.).



Moskovskie vedomosti, 1869 – Dela v kirgizskih stepyah [Affairs in the Kyrgyz steppes] // Moskovskie vedomosti. 1869. № 68. 28 marta. (In Rus.).

Sereda, 1891a – Sereda N.A. Iz istorii volnenij v Orenburgskom krae [From the history of unrest in the Orenburg region] // Russkaya mysl'. M., 1891. Book VII. (In Rus.).

Sereda, 1891ә – Sereda N.A. Iz istorii volnenij v Orenburgskom krae [From the history of unrest in the Orenburg region] // Russkaya mysl'. M., 1891. Book VIII. (In Rus.).

Sulejmenov, 1951 – Sulejmenov B.S. Ob administrativnom ustrojstve kazahskoj stepi po reforme 1867-1868 godov [About the administrative structure of the Kazakh steppe on the reform of 1867-1868] // Vestnik AN KazSSR. 1951. Nr. 2. (In Rus.).

Sulejmenov, 1963 – Sulejmenov B.S. Agrarnyj vopros v Kazahstane poslednej treti XIX – nachala XX v. (1867-1907) [The agrarian question in Kazakhstan in the last third of the XIX – early XX century (1867-1907)]. A.-Ata: Izdatel'stvo AN KazSSR, 1963. 411 p. (In Rus.).

Sulejmenov, Basin, 1981 – Sulejmenov B.S., Basin V.YA. Kazahstan v sostave Rossii [Kazakhstan is part of Russia]. A.-Ata: Nauka, 1981. 247 p. (In Rus.).

Vestnik Evropy, 1869 – Vestnik Evropy. Vnutrennee obozrenie [Bulletin of Europe. Internal review] 1869. Book 5. (In Rus.).

Zhetpisbay et al., 2020 – *Zhetpisbay N.Y. et al.* Protest Actions of Zholaman Tlenshiev and the Formation of the North Western Borders of Kazakhstan in the 20–40 years of the XIX century // *Bylye Gody*. 2020. Vol. 55. Is. 1. Pp. 105-114. <http://ejournal52.com>



МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

«ОТАН ТАРИХЫ». 2023. № 26 (3).

ӘДІСНАМА – МЕТОДОЛОГИЯ – METHODOLOGY

<i>Сарқытқан Қ., Мәсімханұлы Д.</i> ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ ЖӘНЕ ДИАСПОРА МӘСЕЛЕСІ: ГЕОСАЯСИ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУ ТҮРҒЫСЫНАН.....	438
--	-----

ТАРИХ – HISTORY – ИСТОРИЯ

<i>Орынбаева Г.У.</i> ДИСКУССИИ В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ О ВОССТАНИИ 1916 г. В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: СОЗДАНИЕ МИФА.....	454
<i>Abdrakhmanova K.H., Konkabayeva N.N., Ali Ali Ali Ahmad Shaban (Egunem).</i> HISTORY OF THE STUDY OF MEDIEVAL TURKIC WRITTEN MONUMENTS.....	469
<i>Байдалы Р.Ж., Құдайбергенова А.И.</i> ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БІЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСІ.....	479
<i>Vitakanova Z.Sh., Mukanova G.K., Muminov A.K. (Турция)</i> SYMBIOSIS OF SPIRITUAL AND SECULAR FORMS OF CENTRAL ASIAN EDUCATION IN THE HISTORY OF THE TWENTIETH CENTURY.....	495
<i>Жетпісбай Н.Ы., Жанғалиев Ұ.Қ.</i> 1868 ж. «УАҚЫТША ЕРЕЖЕ»: РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ САТЫСЫ.....	511
<i>Michal Pedracki (Польша), Khasseanova Zh.O., Jizenaliev Y.K.</i> ADAPTIVE FACTORS OF THE FORMATION OF THE POLICH DIASPORA IN KAZAKHSTAN IN THE XIX-XX CENTURIES.....	523
<i>Бекенова А.А., Қозыбаева М.М.</i> 1921-1922 ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ АРА ҰЙЫМЫНЫҢ КӨМЕГІ.....	536
<i>Sultangazy G.Zh., Nurbayev Zh.Ye., Kishibayeva S.B.</i> URBANISM OF KAZAKHSTAN OF THE XIX-XX CENTURIES THROUGH THE PRISM OF PHOTO SOURCES.....	554
<i>Қабдолдина К.Қ.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ИСЛАМ ТАРИХЫ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДА.....	567
<i>Набиолла Н., Ошан Ж.</i> ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ: АБЫЛАЙ ХАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ ЖЫРЛАР МЕН АҢЫЗДАР.....	582
<i>Капаева А.Т.</i> ГОЛОД 1921-1923 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ И РЕГИОНАХ РОССИИ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....	594
<i>Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т.</i> СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1946-1970 ж.ж.).....	606
<i>Zhutanbayev D.N., Ayagan B.G., Kara A. (Турция)</i> HISTORY OF THE FORMATION OF THE LEGAL BASIS OF TRANSITION TO THE MULTIPARTY SYSTEM IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 1980S - FIRST HALF OF THE 1990S.....	618
<i>Гривенная Л.А., Бекишев Р.А.</i> ТАЙНА СПИСКА «232-х»: СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ ЖЕРТВ ВОССТАНИЯ 1921 ГОДА НА ОСНОВЕ ЧАСТОТНОГО И ГРАФИЧЕСКОГО АНАЛИЗА.....	632

**АНТРОПОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АРХЕОЛОГИЯ –
ANTHROPOLOGY. ETHNOLOGY. ARCHAEOLOGY**

<i>Талеев Д. Ә.</i> ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ СЫРДАРІЯ БОЙЫНДАҒЫ РУХАНИ ОРТАЛЫҒЫ.....	650
<i>Белтепов Ж.</i> ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ МАГИЯ: КОНЦЕПТУАЛДЫ ҰҒЫМДАРЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ.....	662



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
